

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YPQA1572>***Б. М. Сұлтанова**

Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ORSID: <https://orcid.org/0000-0001-5377-370X>*e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru**Қ. МЫРЗА ӘЛИДІҢ «ИІРІМ» ЭССЕ КІТАБЫНДАҒЫ
ӘДЕБИ РЕМИНИСЦЕНЦИЯЛАР**

Бұл мақалада ақын, жазушы Қ. Мырза Әлидің «Иірім» эссе кітабындағы эсселердің жанрлық ерекшелігін, әдеби реминисценцияларды зерттеуге бағытталған. Ақынның жалпы шығармашылығы жайлы зерттеулер көп болғанмен эсселері туралы зерттеу мақалаларының жоқтығы мақаланың өзектілігін көрсетеді. Дәйексөздер, аллюзиялар мен реминисценцияларды қолдану эсселердің деректілік негізін күшейтіп, кейіпкердің мінезін ашудың бір құралына айналады. Интермәтін көмегімен Қ. Мырза Әли оқиға желісімен қатар, өз кейіпкерлерінің шығармашылығына түсініктеме береді, оларды белгілі бір мәдени парадигмаға енгізеді. Нәтижесінде эсседегі белгілі тұлғалар туралы түрлі интерпретацияларға жол ашылады. Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы Қ. Мырза Әлидің «Иірім» эссе кітабындағы әдеби реминисценцияларға жан-жақты талдау жасауында. Бұл жұмыстағы негізгі мақсатымыз – жазушы Қ. Мырза Әлидің «Иірім» эссе кітабындағы әдеби реминисценциялардың ерекшелігін айқындау. Жұмыстағы зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетін оқытуға арналған оқу құралдары мен оқулықтарды жазу барысында пайдалануға болатындығы мақаланың практикалық маңыздылығын көрсетеді. Мақаланы жазу барысында тарихи-әдеби, салыстырмалы әдістер қолданылады.

Бұл мақала әдебиет тарихында эсселердің жанрлық ерекшелігін анықтауға, эсселердегі реминисценциялардың көркемдігін анықтауға үлес қосады.

Кілтті сөздер: Қ. Мырза Әли, эссе, реминисценция, ретроспективтілік, әдебиет, тақырып, идея, баяндау.

Кіріспе

Қазақтың белгілі философ ақыны Қ. Мырза Әли әдебиеттің барлық жанрларында жазды. Жетпістен астам кітабы жарық көрген қазақ ақыны. Балаларға арналған өлең, мысал, жұмбақ, жаңылтпаштары, ән өлеңдері үздіксіз жарияланды. Ақынның афоризмдері, мақал, мәтелдерінің өзі - екі том, аудармалары – он бір томдықты құрайды. Бірнеше пьесалары театрларда сахналанды. Ақын шығармашылығының бір саласы, әдебиеттің маңызды түрі «Иірім» атты эссе кітабы – әдебиет тарихында орны бар еңбек.

Қазіргі күні мемуар, эссе, естелік туралы, олардың жанрлық ерекшелігі туралы әдебиеттану ғылымында түрлі қайшылықты пікірлер бар. Кейбір ғалымдар атап айтқанда Хализев В. Е. мемуар, эссе, естеліктерді екінші дәрежелі бұқаралық әдебиетке жатқызса, Зацепин К. А. керісінше «жоғары интеллектуалды» жанр дейді. Мақалада эссенің жанрлық сипаты туралы қарама қарсы пікірлер негізінде тұжырымдар айтылады.

Интермәтін, реминисценцияларды, дәйексөздер мен аллюзияларды қолдану эсселердің деректілік табиғатын күшейтіп, белгілі тұлғаның мінезін жан жақты ашудың құралы қызметін атқарады. Интермәтін, реминисценциялар, дәйексөздердің таңдалуы, астарлы сілтемелер – бәрі де автордың өзін-өзі танытуының маңызды (кейде бейсаналы) құралы.

Материалдар мен әдістері

Қ. Мырза Әли – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар, белгілі ақын, жазушы, қайраткер. Мақаланы жазу барысында ақынның 2004 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Иірім» эссе кітабы, ақын туралы, эсеге қатысты жазылған сындар, жалпы эссе жанрына байланысты отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер, ғылыми мақалалар пайдаланылды.

Әдеби талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

«Шындыққа құштарлық» – XX ғасырдың басты ерекшелігі, деп жазады француз философы Ален Бадью. ХХІ ғасырда бұл құштарлық әлсіреген жоқ, қайта жаңа күшпен өршіп келеді. Қазіргі таңда шынайы дүниелерге деген қызығушылық арта түсуде. «Нағыз өмірді» әдебиетте тек мемуарлар ғана жан жақты сипаттауға және терең түсіндіруге әлеуеті толық жетеді деуге болады. Мемуарларға деген қызығушылық – заңды құбылыс. Қазіргі кезде оқырман өмірлік шынайы шындықты мемуарлардан іздейді. Бүгінгі оқырман «шын өмірді» оқығысы келеді.

Сұранысқа орай 1980–1990-жылдардан бастап қазақ әдебиетінде автобиографиялық проза көп жазылуда. Қазақ оқырманы 1990 жылдардан беріде әр жылдары жазылған Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділов «Таңғажайып дүние», Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша», Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым»,

Х.Әдібаевтың «Өмірдария» мемуарлық романдары, Т. Әсемқұлов «Кемеңгердің өмірінен бір үзік сыр» эссесі, «Ғабиден Мұстафин туралы естеліктер» «Ғасыр сазын тербеген» (Нұрғиса Тілендиев туралы естеліктер, «Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер», «Ғұлама ғұмыры» (Мәшһүр Жүсіп туралы аңыз бен ақиқат), «Шәкен Айманов туралы естеліктер», Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», Қ.Мырза Әлидің «Иірім» эсселер жинағы және басқа да көптеген авторлардың автобиографиялық шығармаларымен, мемуарлармен, эсселер жинағымен танысу мүмкіндігіне ие болды.

XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырда қазақ әдебиеті автобиографиялық бағыттағы одан да көп шығармалармен толықты. Олардың қатарында көркем автобиографиялар авторлары – Ғ. Қабышұлы «Көңіл көгінде», Елеукенов Ш. «Қайдасың, сол күндер», Мұхтар Мағауиннің «Әбіш екеуіміз», атты эсселермен, «Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов», «Мәлік аға Ғабдуллин», «Ғабит аға Мүсірепов», «Әлекем – Әлкей Марғұлан», «Ілияс аға Есенберлин», «Мұқағали Мақатаев», «Әдекең – Әди Шәріпов», «Сайын екеуіміз», «Тұмағаң – Тұманбай Молдағалиев», «Гүлнар апа Дулатова», «Нықаң – Нығмет Ғабдуллин» Керімбай С. «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Қаныш және ғылыми майдан» атты деректі шығармалары бар. Осылайша, XX ғасырдың соңы – ХХІ ғасырдың басында қазіргі қазақ әдебиетінде автобиографиялық проза, деректі проза айтарлықтай кең және қуатты түрде жарық көрді. Автобиографиялық шығармаларда өзін және өз дәуірін баяндау барысында жазушылар өз замандастары мен өздері туралы ашық және терең ой, толғамадар айтуға ұмтылды. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірдегі өзгерістерді бастан кешіре отырып, қазақ жазушылары өткен күнді объективті түрде ұғынуға, бүгінгі күнді тереңірек сезінуге, әр түрлі жағдайлардағы адамның шынайы болмысын баяндауға ұмтылды.

XX ғасыр соңы, ХХІ ғасыр басында әдебиеттану ғылымында (биографиялар, мемуарлар, күнделіктер, эсселер және т.б.) жанрларға деген қызығушылықтың артуын аталған жанрлардағы жүйенің трансформациялану процестерімен түсіндіріледі. Бұл жанрларды «шекаралық» жанрлар деп аталып та жүр. Мақала, монография, реферат, түсіндірме – ғылыми жанрлар; роман, эпопея, трагедия, әңгіме – көркем жанрлар; күнделік, шежіре, есеп, хаттама – деректі жанрлар» [1, 34-б.]. Эссе еуропа әдебиетінде ең кең тараған жанр екендігін жазған С. Әшімбаев, Д. М. Урнов [2; 3].

Эссе шекараны білмейтін, ғылыми, көркем, деректі жанрлардың бәрін еркін пайдалана беретін супер-жанр.

В. Е. Хализев эссеистиканы «білімнің алдын ала игерілуі», «бастапқы ізденіс саласы», «болашақ ғылымға қызмет ету формасы» деп атап, оның «танымалдығы мен маңыздылығына қарамастан, оқырманының көптігіне қарамастан» «негізгі жанр болуына және үстемдікке ұмтылуға негізі жоқ» екенін

айтады [4, 88-89-бб.]. Ал В. Кубилюс керісінше, эссе жанры «реалдылық пен өнердің арасындағы шекараны жоя отырып», «ғылым мен XX ғасыр өнерінде үстемдік еткен интеллектінің шығармашылық мүмкіндіктерін шоғырландыра отырып», «роман, өлең және драмадан да асып, танымал болып, басым жанрға айналуға тырысады» деп есептейді [5, 68-б.].

С. Н. Zenkin айтуынша, «еркін форма ретінде эссені жанр ретінде сипаттау қиын, сондықтан оны жазушының қоғамдық және көркемдік көзқарастарын талдау аясында зерттеледі» [6, 797-б.].

Бұл эссе жанрының негізгі белгілері: «мәтін құрылымының фрагментарлығы, бір тақырыптан екіншісіне жеңіл өту, баяндаудың орнына автордың пікірін алдыңғы қатарға шығару, ойын дәлелдеу үшін бақылауларды, сипаттамаларды, мысалдарды еркін әрі әсем пайдалану және оқырманға жеңіл қабылданатын, әдеби тұрғыда мінсіз стиль» [7, 318-б.].

«Очерк» пен «эссені» ажырата отырып, Е. Ю. Гениева XIX ғасырдың соңғы ширегінде «ағылшын сыншыл реализмінің қалыптасу жылдарында маңызды роль атқарған очерк (Диккенс пен Теккерейдің ерте шығармашылығы)» өз орнын эсеге бергенін атап өтеді.

Әдеби-көркем эссе XVIII ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін – гуманитарлық ғылымдар саласы мен көркем өнерде айтарлықтай маңызды қызмет атқарды [8]. Оның ғасырлар бойы оқырманды тартуы ең алдымен, «әртүрлі адамдарды, әртүрлі ұлттықтан жоғары мәдениеттерді, әртүрлі уақыттарды байланыстыра алу қабілетіне байланысты, өйткені ол адамның жаны мен ақыл-ойының табиғи күйін – күмәндану, бірге сезіну, ортақтасу қасиеттерін білдіреді [8, 32-б.]. Сондықтан оны «жоғары интеллектуалды» жанр дейді [8].

Мұндай эссенің ерекшелігі – «тәжірибенің салмақтылығы, ақылға қонымды дербестік, тілдік талғам мен автор интеллектісі», сондай-ақ «адамның ішкі әлемін және өзін-өзі рефлексиялау санасын танудың күрделілігі» [8, 32-б.].

Зацепин К. А. әдеби-көркем эссені – «барлығын да бойына сіңіретін әрі керек еместің бәрін еркін шығарып тастайтын» жанр [8, 23-б.]. Онда лирикалық поэзияға тән өз болмысынды терең ашу да, ғылыми мәтінге тән объективтілік те кездеседі. Сондай-ақ эсседе диалог пен полилог экспрессивті шегіне жетеді. Эсседе ең бастысы – «Мен» әртүрлі формада адамның болмысын, оның мәнін айқындайды [8, 23-б.].

«Эссе – жанрлық атау ретінде әдебиетке еркін енді. Қолданылу шеңбері кең, мән-мағынасы терең. Эссенің көбінесе естелікпен араласып, сабақтасып кететін тұстары бар. Қазіргі уақытта әдебиеттану ғылымында бұ дүниеден өткен адамдардың ісі, мінезі туралы жазбаларды естелікке жатқызады. Ал өзі жақсы білген, қатар өмір сүріп жатқан адамдар

туралы жазылған шығармаларды эссе дейді. Адамға ой салатын өмірдегі жағдаяттар еш өзгерместен, сол қалпында жазылып, оқырманға ұсынылатын өміршең жанр» [9, 264-б.].

Қадыр Мырза Әлидің «Иірім» эссесі қазақ әдебиеті ғана емес, түрлі елдер мен кезеңдердің, дәуірлердің әдеби-көркем материалдарына аса бай. Одақтас республикалар мен шетелдерге барған кездегі әдеби өмірді біршама баяндайды.

Қадыр Мырза Әлидің «Иірім» атты кітап атауының өзі осы кітаптың бағытын айқындайды. Шығарманың «Иірім» аталуының терең астары бар. Метафоралы атау. Өмірдің өзі – иірім деген метафора – бір қыры болса, екінші қыры – ақын, жазушылар, өнер адамдарының болмысы, ортасы қайшылықты, күрделі деген ой. Суда екі ағыс қосылып, дөңгелене шымырлап тереңге тартып кететін жерін иірім дейді. Өмірде де адамды тереңге тартып кететін иірім аз емес. Өмірдің өз заңдылығы бар. Ал адамдардың ішіндегі қырық қабат иірімді жазушы барынша көрсетуге тырысқан. Бұл кітап – өз жазғандарының маңыздылығы мен жауапкершілігін терең түсінетін жазушының ой-толғаулары. Оның ойында қазақтың, басқа да елдердің ақын, жазушылары, өнер адамдарының бейнелері – XX ғасырдың классиктері де, қаламгер ағалары, өзінің замандастары туралы есінде қалғандарымен, сол оқиғаға қатысты жазушының ой-толғаулары бүкпесіз берілген. Қазақ зиялылары арасындағы тартыс, жікшілдік, алауыздық, жеке байланыстар арқылы жең ұшынан жалғасу, қызметке, сыйлықтарға талас белгілі бір дәрежеде ашық жазылған.

Жазушы эссесінде реминисценциялар, дәйексөздер, сентенциялар, аллюзиялар жиі кездеседі. Реминисценция – интертекстің бір түрі.

Реминисценция сөзі латынның «*geminiscentia*» – «естелік», «есте сақтау» деген сөзінен шыққан. Алайда қазіргі жағдайда бұл сөздің мағынасы біржақты түсіндіріле бермейді.

Реминисценцияны былайша айтсақ әдебиеттегі әдебиеттің образы десек болады. Реминисценция – көркем образ, шығарма жайлы естеліктер немесе көркем образ бен белгілі бір элементті кіріктіру. Аллюзия – стилистикалық фигура, белгілі әдеби шығармаға, тарихи деректерге, риторикалық фигураларға сілтеме жасау. Біздің парафраза деп жүргеніміз осы аллюзияның бір түрі. Себебі зерттеушілер цитаталық аллюзия, парафразалық аллюзия, кескіндемелік аллюзия, т.б. түрлерге жіктейді (Н. Г. Владимирова).

Реминисценция, цитата, эпиграф, күнделіктер, хаттар, аллюзия – бұлар интермәтіннің түрлері.

Қадыр Мырза Әли университетті бітірген бетте жаңадан ашылған «Балдырған» журналында жұмыс істеп жүрген кезде Жазушылар Одағына бір барғанында С. Мұқановты кездестіргенін жазады. С.Мұқановқа арналған

естеліктерден біз екеуі арасындағы диалогтан аллюзияны кездестіреміз. Классик жазушы мұның өлеңдерін, сын мақаларын оқитынын айтады. «... сен, высокий штильмен жазады екенсің...» дегенде Қадыр Мырза Әлі таңданып қалады. Мені қайдан біледі. Университетті жаңа ғана бітірген, журналға жаңа ғана қызметке кірген жас маман. Осындай ойлардан сол мезетте не айтарын білмей тоқтап қалады. «неге үндемей қалдың? Менің «стиль» демей «штиль» деген сөзіме таңданып тұрсың ба? Ломоносов заманында «штиль» деп жазған» – деген С. Мұқанов сөзін дәлме дәл келтіреді [10, 19-б.]. Бұл үзінді де реминисценция. С. Мұқанов арқылы бір терминнің көне дәуірдегі қолданысы туралы еске алынып отыр.

Университетке қабылдау емтиханында орыс тілінен емтихан алған, ақынның өмір бойы алғыс айтып, есінен шықпаған, өлең арнаған ұстаз Т. В. Поссе туралы естелігінде де реминисценция, аллюзияны қолданған. Қытай жазушысы Лу Синь, дания жазушысы Андерсен Нексе туралы айтылады. Бұдан жазушының ойларын кең мәдени контекске шығарғанын көреміз. Жазушы эсселерінің көркемдік кеңістігін едәуір кеңейтеді. Бұл – Қадыр Мырза Әлі реминисценцияларының тағы бір қызметі.

Салтыков-Щедрин шығармасының аты «Как один мужик двух генералов прокормил», «Ноғай, қазақ бір туған» деген өлең жолдары, қаншама авторларымен қоса шығарма атаулары аталады. Ж. Молдағалиевтің Д. Қонаев екеуінің арасында реніш отын жаққан өлеңі де реминисценцияға жатады. Мысалы,

«Сен хатшысың, ертеңің күнгірт сенің,
Мен ақынмын, ақын боп қала берем!» [10, 31-б.].

Немесе,

Асан боп туып қазақтар

Өледі Асан-Қайғы боп, – деген жолдарды келтіреді [10, 48-б.].

О. Сүлейменов – Қадыр Мырза Әлі өміріндегі маңызды тұлғалардың бірі екенін эсседен түсінуге болады. Олжас Сүлейменовтің қолданысындағы сөздердің оқырманды дуалап тастағандай, ерекше елеңдететін айтады. О. Сүлейменовті оқырманға не керегін білетін психолог ақын дейді де, керек болса экзотиканы да шеберлікпен қолданатынын айтады. Олжасты айта отырып ақынның шығармашылығымен терең таныса түсеміз. Көркем аударма туралы құнды ойлар айтады. Олжас ақынның өлеңін аударуда түпнұсқадай аудару жарамайтынын, көркем аударма жасау керек дейді. О. Сүлейменовті Қазақстандағы ең беделді орыс қаламгерлері де ерекше құрметтейтін ақын дейді де, ақынның қасында өмір бойы орыстар немесе еврейлер болды дейді. Бұл да оқырманды ойландырады.

О. Сүлейменов шығармаларынан Махамбетке арналған бір өлеңінде батыр дастархан басында бір қойды бір өзі жейтін еді дейді. Қазақ ұғымында

мешкейлік адам қызығатын қасиет емес. Осы жолдарды Қадыр Мырза Әли былай аударады:

О даланың жолбарысы,
Көкжалы,
Көкжал бөрі қай кезде де олжалы! [10, 54-б.].

Қадыр Мырза Әли Олжас Сүлейменовты айта отырып өзінің өзінің шығармашылық мүмкіндігін танытқан. Мұндай аударма жасаудан гөрі жаңа өлең жазған жеңіл емес пе деген ой туады.

Қадыр Мырза Әли темірдей тәртіппен жұмыс істеген. Аудармаларын жинағанда оның өзі он екі том болғанын айтады. Оның екі томы – О.Сүлейменов өлеңдері. Осы екі томдықтан таңдап, іріктеп «Әр күн – арайлы таң» деген атпен үлкен бір жинақ жарық көргенін айтады. Екі томды аудару – өмірінің белгілі бір кезеңдерінде екі ақын шығармашылық байланыста болғанын білдіреді. Екінші жағынан Қадыр Мырза Әлінің еңбекқорлығын көрсетеді, шығармашылық ізденісін көрсетеді. Өзі туралы миф өрістей түседі. Эссе жазушы болмысы тереңдей түседі.

Одан кейін көпшілікке арналмаған, ақындардың өз ішінде ғана айтылып жүрген Ғафу Қайырбековтің бір екі шумағын кездестіреміз. Бұл шумақтар Ғафу Қайырбеков тұлғасынан гөрі сол шумақтар арналған І. Есенберлин, Иван Шуховты тұлғасын ашуға қызмет етіп тұр.

Ғафу Қайырбеков үнемі жұмыс орнында болмайтын І. Есенберлин туралы

Кеше келсең – жүз қырық үш,
Бүгін келсең – жүз қырық үш,
Осылай жұмыс істейді

Есенберлин деген бір ішкіш! [10, 66-б.] – деп қаламгерлер ішінде ғана айтылатын бір шумақ өлеңді мысалға келтіреді. Бұл да реминисценция. Бұл шумақты Қадыр Мырза Әли І. Есенберлин туралы өзінің субъективті ойын дәлелдеу үшін беріп отыр. І. Есенберлин де тарихи тұлға. Ол туралы әдебиетшінің, оқырманның өз пікірі бар. Эссе авторы ол пікірді өзгерте ала ма, өзгертпей ме, ол басқа мәселе.

Жазушылар Одағы жетінші қарашада төңкерістің мерекелік парадына шығады. Күн суықта бәрі қатты тоңады. Сонда «Простор» журналының бас редакторы Иван Шухов майданда қолданған флягасынан коньяк ішіп, жылынып тұрады. Соған орай Ғафу Қайырбеков:

Иван Шухов дегенің мына кісі,
Қалтада сылдырлайды флягісі.
Қазақ ішпей тұрғанда орыс ішіп,
Адамның келеді екен жылағысы, [10, 51-б.] – дейді.

Ақын Ғафу Қайырбековтің жинақтарға енбейтін, басылым, оқырман үшін емес, қаламгерлердің өз арасында ғана айтылатын өлеңдерін мысал келтіре отырып ақынның жеке тұлғалық автопортретін жасап отыр. Ғафу Қайырбековтің шығармашылық портреті оқырманға, зерттеушілерге таныс. Эсседе ақынның бейтаныс қырлары туралы жазушы пікірлеріне айғақ ретінде өлеңдерін беріп отыр. Реминисценцияны қолданады жазушы.

Жазушы орыс ақыны Анатолий Мариенгофтың өз естелігінде «бала кезде аузымнан бір түспейтін емізігім әлі күнге дейін жақсы есімде» деп жазғанын мысалға алады. Қадыр Мырза Әлі бұған күмәндана қарайды. Екінші жағынан, әлемде ғажаптар көп қой, есінде болуы рас та шығар дейді. Өзінің есінде бірінші сыныпқа барғаннан бергі оқиғалар жақсы сақталғанын айтады. Оған дейінгілердің көмескі, бұлыңғыр екенін есіне алады.

Одан әрі ұлы орыс ақыны А. С. Пушкиннің «Ақын және сыншы» деген өлеңін мысалға келтіреді. Ақыннан «ол да мені тырнағымнан таныды, менде оны құлағынан таныдым» деген үзінді келтіреді. Бүркеншік атпен сынаған сыншы туралы пікіріне ұлы ақын сөзімен салмақ, маңыз береді. Орыс ақыны Анатолий Мариенгофтың естелігінен үзінді келтіруі, ол туралы пікірін айтуы реминисценцияға кезекті мысал.

Қадыр Мырза Әлінің эсседе адамдық болмысымен қатар шығармашылығын сүйсіне отырып жазған әдеби кейіпкер – ақын Ж. Нәжімеденов. Ж. Нәжімеденов шығармашылығын жоғары бағалайды. Ж. Нәжімеденовтің «Күй» деген өлеңінде

Жеңілдігі көбіктей

Ауырлығы табыттай! [10, 111-б.]. – деп өлеңінен мысал келтіреді. Жоғарыдағы екі тармақтың соңғы жолына ерекше назар аударады. Соңғы тармақ өмір бойы санамды түрткілеп, ойландырады. Сәтті, тапқыр қолданыс. Құдай Ж. Нәжімеденов аузына салып тұр дейді.

Одан әрі М. Мақатаевтың «Жапырақ жүрек жас қайың» өлеңі туралы пікірін жазады.

Жапырақ-жүрек жас қайың! Жанымды айырбастайын. Сен адам бола бастасаң Мен қайың, бола бастайын. Келісесің бе, жас қайың? (Көрінер, мүмкін, кімге ерсі.) Өміріңді маған бір берші! Дүрбелең мына дүниені, Адам көзімен бір көрші (М. Мақатаев) [10, 112-б.].

Жазушы өлеңде құдірет барын, оны қара сөзбен түсіндіре алмайтынын айтады. Өлеңге түсіндірме жасау – өлеңнің қасиетін кетіру, бағасын түсіру, құнын білмеу деп қарайды. Тіпті обал деп түсінеді жазушы. Өлеңнің қасиетін тереңнен танитын Қадыр ақын «осы өлеңді өлердей жақсы көрем» дейді. Ақын мұңын, шерін табиғатқа ақтарып тұрған өлең. Жапырақ-жүрек метафоралы қолданысында, «жас қайың» эпитетті тіркесінде сезім, күй, мазмұн теңдей терең. Жас қайың қолданысы ағаштың жастығы туралы

айтып тұрған жоқ. Ағаштың, табиғаттың ешкімге қиянат жасауды білмес тазалығы, кіршіксіздігі туралы астарлы мағына бар.

Қадыр Мырза Әлидің көркемдік санасының тағы бір, бәлкім, ең басты ерекшелігі туралы айту қажет. Ол – қазақ жазушыларына деген сүйіспеншілігі, олардың шығармалары арқылы бүкіл қазақ әдебиетіне деген шексіз құрметі мен кіршіксіз көңілі. Эсседе қазақ әдебиеті ғана емес, түрлі онкүндіктер өткен елдер, республикалар, аймақтар әдебиеті, тіршілігі туралы да өзінің жақсы кейде жаман пікірлерін айтып отырады. Бұл пікірге эссенің басынан аяғына дейін көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, О. Сүлейменов, Ә. Шәріпов, Ж. Молдағалиев, М. Ғабдуллин, О. Сүлейменов, Б. Момышұлы, Т. Ахтанов, Әбу Сәрсенбаев, Б. Соқпақбаев, Ж. Нәжімеденов болып жалғасып кете береді. Мысалы С. Мұқанов туралы ой-толғауларында келтірілген мынадай ойларды ерекше атап өтуге болады: «Негізінде С. Мұқанов адамды жатырқамайтын, көпшіл еді. Ақ сары жүзді сымбатты қазақ. Ол – жай адам емес еді» [10, 19-б.].

«Қазақ тіліне төнген қатерді алғаш сезген С. Мұқанов. Алматыда тұңғыш қазақша балалар бақшасын Сәбең аштырды. Ұлт мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің сағаты қысқаруына да қарсы болған Сәбең» [10, 20-б.].

С. Мұқанов туралы жылы, жақсы пікірлерін жазады. Жазушының жазушыға деген құрметі, сүйіспеншілігі көрініп тұр.

Осыдан оның эссе, естеліктерінің тағы бір маңызды функциясы шығады: оқырманға эмоционалды әсер ету арқылы олардың да жазушыға деген махаббатты, жазушыны құрметтеу сезімін сезінуіне көмектесу.

Осылайша, қорытындылай келе, Қадыр Мырза Әли эссесіндегі әдеби реминисценциялардың функцияларын келесідей жіктеуге болады:

– біріншіден, әдеби образдар мен жазушылардың басынан кешкен шынайы оқиғалар арқылы олардың шығармашылығының, өзінің жеке басы және замандастары үшін маңыздылығын ұғынуға тырысу;

– екіншіден, қазақ әдебиетінің көркем әлеміне терең бойлау арқылы елде болған әлеуметтік-тарихи оқиғалардың, ақын-жазушылар арасындағы оқиғалардың себептерін түсінуге ұмтылу;

– үшіншіден, оқырманға қазақ қаламгерлері шығармаларының маңыздылығын және оның онтологиялық сипатын жеткізу.

Қорытынды

Автобиографиялық прозада, эссе, естеліктерде басты нысана ретінде тарихи тұлға ғұмыры алынып, өмірлік шындықтың көркем бейнесін сомдаудағы нақты деректердің игерілу тәсілдері қарастырылды. Мақалада эссе жанрының қазақ әдебиетінде даму ерекшелігіне, эсседегі реминисценцияларға тоқталдық. Зерттеу объектісі ретінде алынған Қ. Мырза

Әлидің «Иірім» эсселер жинағындағы реминисценциялардың көркемдік қызметін саралап өттік.

Эсседе әдеби реминисценцияларды шебер қолдану арқылы оқырманның еркін интерпретациясына мүмкіндік беретіндігі айқындалды.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Эпштейн М. Н.** Парадоксы новизны [Текст]. – Москва, 1989, С. 341.
- 2 **Әшімбаев С.** Екі томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 2 том. – Астана : Елорда, 2006. Әдеби сын : портреттер, эсселер, толғаулар – 326-б.
- 3 **Урнов Д. М.** Романтизм. Блейк. «Озерная школа». Эссеисты и другие прозаики // История всемирной литературы [Текст]. В 9 т. / под ред. Ю. Б. Вишера. – М. : Наука, 1989. – Т. 6. – С. 87–111.
- 4 **Хализев В. Е.** Теория литературы [Текст]. – М. : Высш. шк., 2000. – 398 с.
- 5 **Кубилюс В.** Современная литературная критика. Вопросы теории и методологии [Текст]. – М. : – Наука, 1986. – 239 с.
- 6 **Зенкин С. Н.** Новые тенденции во французской эссеистике // Французская литература 1945–1990 [Текст]. – М. : Наследие, 1995. – С. 797–798.
- 7 **Головин В. П.** Об Уолтере Патере, его творческом методе и книге «Ренессанс» // У. Патер Ренессанс. Очерки искусства и поэзии [Текст]. – Москва : Изд. дом Междун. ун-та в Москве, 2006. – С. 317–336.
- 8 **Зацепин К. А.** Эссе как коммуникативная форма: проблемы чтения (на материале современной эссеистики) [Текст]: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Самара, 2006. – 202 с.
- 9 **Сұлтанова Б. М.** Қазақ мемуарлық шығармаларының, роман-эссенің даму тарихы [Мәтін] \\\ Абай ат. ҚазҰПУ, Алматы, Хабаршы, № 4(70). – 2019, – 190–194 бб.
- 10 **Мырза Әли Қ.** Иірім [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2004. – 360 б.
- 11 **Сұлтанова Б. М.** Роман-эссенің жанрлық ерекшелігі [Мәтін] \\\ Проф. Б. Қалиұлының 80 жылд. орай «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Абылай хан ат. ҚХЖӘТУ, Алматы, 25 қаңтар 2019 ж. – 262–265 бб.
- 12 **Сұлтанова Б. М.** Эсседе автордың өзін-өзі рефлексиялау сипаты [Мәтін] \\\ «Қазіргі әдебиеттану ғылымы және әдебиетті зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, ҚазҰлтҚПУ, Алматы, 2025 ж., – 56–60 бб.
- 13 **Сұлтанова Б. М., Мусаева У. Б. Қ.** Мырза Әлидің «Иірім» эссе жинағындағы Ж. Нәжімеденовтің шығармашылық портреті [Мәтін] \\\

«Қазіргі ғылым парадигмасындағы қазақ лингвистикасы: таным, сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» тақырыбындағы республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Қорқыт ата университеті, Қызылорда, 2024 ж. – 42–45 бб.

14 **Thomas Larson**. The Memoir and the Memoirist: Reading and Writing Personal Narrative [Text]. – 2011. – № 1, [Electronic resource]. – <https://www.researchgate.net/>

15 **Éilís Ní Dhuibhne Almqvist**. Reflections on Memoir as a New Genre [Text]. Irish University Review, – Volume 50, Issue 1, 13.05.2020. University Review

Reference

1 **Epshteyn M. N.** Paradoksy novizny [Paradoxes of Novelty] [Text]. Moscow, 1989. – p. 341.

2 **Ashimbaev S.** eki tomдық shygarmalar zhinagy. [Two-volume collection of works] [Text] 2 Vol. – Astana : Elorda, 2006. Adebі syn : portretter, esseler, tolgaular – 326 p.

3 **Urnov D. M.** Romantizm. Bleyk. «Ozernaya shkola». Esseisty i drugie prozaiki [Romanticism. Blake. The Lake School. Essayists and other prose writers] [Text] // Istoriya vsemirnoy literatury. V 9 Vol. / pod red. Yu. B. Vippera. Moscow : Nauka, 1989. – Vol. 6. – p. 87–111.

4 **Khalizev V. E.** Teoriya literatury [Literary theory] [Text]. – Moscow : Vyssh. shk., 2000. – 398 p.

5 **Kubilius V.** Sovremennaya literaturnaya kritika. Voprosy teorii i metodologii [Contemporary Literary Criticism : Theoretical and Methodological Issues] [Text]. – Moscow : Nauka, 1986 – 239 p.

6 **Zenkin S. N.** Novye tendentsii vo frantsuzskoy esseistike [New trends in French essay writing] [Text] // Frantsuzskaya literatura 1945-1990. – Moscow : Nasledie, 1995. – p. 797–798.

7 **Golovin V. P.** Ob Uoltere Paterye, ego tvorcheskom metode i knige «Renessans» [About Walter Pater, his creative method, and the book «Renaissance»] [Text]// U.Pater Renessans. Ocherki iskusstva i poezii. Moscow: Edition dom Mezhdunar. un-ta v Moskve, 2006. – p. 317–336.

8 **Zatsepin K. A.** Esse kak kommunikativnaya forma: problemy chteniya (na materiale sovremennoy esseistiki) [Essay as a communicative form: problems of reading (based on contemporary essay writing)] [Text]: avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Samara, 2006. – 202 p.

9 **Sultanova B. M.** Kazak memuarlyk shygarmalarynyn, roman-essening damu tarihy [The history of the development of Kazakh memoirs and novel-essays] [Text]: // Abai at. KazUPU Khabarshy, №4 (70), Almaty : 2019. – 190–194 p.

10 **Myrza Ali K.** Iirim [Hope] [Text]. – Almaty : Atamura, 2004. – 360 p.

11 **Sultanova B. M.** Roman-essenin zhanrlyk erekshelegi [Genre features of the novel-essay] [Text]: // Prof. B. Kaliulynyn 80 zhylyq orai «Kazak til biliminin ozekti meseleleri» atty halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferentsiya materialdary, Abylai han at. KHKZhETU, Almaty, 25.01.2019. 262–265 p.

12 **Sultanova B. M.** Essede avtordyn ozin-ozı refleksialau sipaty [The nature of the author's self-reflection in the essay] [Text]: // «Kazirgi adebiettanu gylimy zhane adebietti zertteu men oqytudyn ozekti meseleleri» atty Halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferentsiya materialdary, KazUltKPU, Almaty, 2025. – 56–60 p.

13 **Sultanova B. M., Musaeva U. B. K.** Myrza Alidin «Iirim» esse zhinagynda Zh. Nazhimedenovtin shygarmashylyq portreti [Creative portrait of Zh. Nazhimedenov in the essay collection «Hope» by K. Mirza Ali] [Text]: // «Kazirgi gylım paradigmasyndagy kazak lingvistikasy : tanyım, soz madenieti zhane pedagogikalyq diskurs» taqyrybyndagy respublikalyq gylimi-teoriyalıq konferentsiya materialdary, Qorqyt ata universiteti, Kyzylorda, 2024. – 42–45 p.

14 **Thomas Larson.** The Memoir and the Memoirist: Reading and Writing Personal Narrative [Text]: – 2011. – № 1, [Electronic resource]. – <https://www.researchgate.net/>

15 **Éilís Ní Dhuibhne Almqvist.** Reflections on Memoir as a New Genre [Text]. Irish University Review, – Volume 50, Issue 1, 13.05.2020.

03.02.25 ж. баспаға түсті.

21.06.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Б. М. Султанова*

Казахский национальный
женский педагогический университет
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 03.02.25.
Поступило с исправлениями 21.06.25.
Принято в печать 25.11.25.

ЛИТЕРАТУРНЫЕ РЕМИНИСЦЕНЦИИ В ЭССЕ-КНИГЕ «ІІРІМ» К. МЫРЗА ӘЛИ

В данной статье рассматриваются жанровые особенности эссе из книги «Іірім» поэта и писателя К. Мырза Әли, а также проводится исследование литературных реминисценций в этих произведениях. Несмотря на то, что творчество автора в целом изучалось достаточно широко, отсутствие научных работ, посвящённых его эссе, подчёркивает актуальность темы. Использование цитат, аллюзий и реминисценций усиливает документальную основу эссе и становится средством раскрытия характера героев. С помощью интертекста К. Мырза Әли, наряду с развитием сюжетной линии, комментирует творчество своих персонажей и вводит их в определённую культурную парадигму. В результате открываются возможности для различных интерпретаций известных личностей, представленных в эссе. Научная новизна статьи заключается во всестороннем анализе литературных реминисценций в эссе К. Мырза Әли из книги «Іірім». Основная цель работы – выявить особенности литературных реминисценций в эссе писателя. Полученные в ходе исследования результаты могут быть использованы при подготовке учебников и учебных пособий по казахской литературе XXI века в высших учебных заведениях, что определяет практическую значимость статьи. При написании статьи применяются историко-литературный и сравнительный методы.

Данная работа вносит вклад в изучение жанровых особенностей эссе в истории литературы и художественной функции реминисценций.

Ключевые слова: К. Мырза Әли, эссе, ретроспективность, реминисценции, поэзия, тема, идея, повествование.

**B. M. Sultanova*

Kazakh National Women's Teacher
Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 03.02.25.

Received in revised form 21.06.25.

Accepted for publication 25.11.25.

LITERARY REMINISCENCES IN THE ESSAY BOOK «IRIM» BY K. MYRZA ALI

This article examines the genre-specific features of the essays from the book «Irim» by poet and writer K. Myrza Ali, as well as explores the use of literary reminiscences within these works. Although the author's overall literary output has been extensively studied, the lack of scholarly research specifically dedicated to his essays highlights the relevance of this topic. The use of quotations, allusions, and reminiscences enhances the documentary basis of the essays and serves as a means to reveal the characters' personalities. Through intertextuality, K. Myrza Ali not only develops the narrative but also comments on the creative work of his characters, embedding them into a specific cultural paradigm. As a result, the essay offers opportunities for various interpretations of well-known figures. The scientific novelty of this article lies in a comprehensive analysis of literary reminiscences in K. Myrza Ali's essays from «Irim». The primary goal of the study is to identify the characteristics of literary reminiscences in the writer's essay works. The findings of the research may be used in the development of textbooks and teaching materials on 21st-century Kazakh literature in higher education institutions, which defines the practical significance of the article. The research employs historical-literary and comparative methods. This study contributes to the exploration of the genre features of the essay in literary history and the artistic function of reminiscences.

Keywords: K. Myrza Ali, essay, retrospection, reminiscences, poetry, theme, idea, narration.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz